

Атырау облысы Құрманғазы ауданының су объектілеріндегі рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы
14 қыркүйектегі № 286 қаулысы. Атырау облысының Әділет
департаментінде 2018 жылғы 8 қазанда № 4253 болып
тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
16.10.2018

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 10 бабының 2 тармағының 5-8) тармақшасына сәйкес су объектілерін әуесқойлық (спорттық) балық аулау үшін пайдалану мақсатында, Құрманғазы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Атырау облысы Құрманғазы ауданының су объектілеріндегі рекреациялық балық аулау аймақтары ортақ су пайдалану талаптарын ескере отырып белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің Ж.
міндетін атқарушы Бектемиров*

Құрманғазы
ауданы
әкімдігінің
2018 жылғы
"14"
қыркүйектегі
№ 286
қаулысына
қосымша

Атырау облысы Құрманғазы ауданының су объектілеріндегі рекреациялық балық аулау аймақтары

1) Қиғаш ауылдық округіндегі Қиғаш ауылына қарсы, Қиғаш өзенінің сол жағасы бойымен N46040.376/ E047016/199// координаттарымен, "Кордуан" мекеніне (ескі шіркеу ғимараты) дейінгі учаске N46040.307/ E047016.304// координаттарымен;

2) Қиғаш өзенінің оң жағасы бойымен, Көптоғай ауылдық округіндегі Көптоғай ауылының солтүстіктегі соңғы нүктесінен бастап N46036.084// E048036/935// координаттарымен, ағыс бойымен төмен Балықшы ауылының оңтүстіктегі соңғы нүктесіне дейінгі учаске N46036.240// E048039.318// координаттарымен;

3) Шортанбай ауылдық округіндегі Шортанбай ауылының қасында Қиғаш өзенінің сол жағасы бойымен паром өтетін жерден бастап N46036.653// E048039.134// координаттарымен, "Зимник" өзеңшесі арқылы көпірге дейінгі учаске N46035.949// E048039.556// координаттарымен;

4) Қиғаш өзенінің сол жағасы бойымен, Шортанбай ауылдық округіндегі Жасталап ауылының қасындағы паром өтетін жерден бастап N46034.043/ E048040.298/ координаттарымен, Жасталап ауылының оңтүстіктегі соңғы нүктесіне дейінгі учаске N46033,866/ E048042.041/ координаттарымен;

5) Қиғаш өзенінің сол жағасы бойымен, Байда ауылдық округіндегі Котяевка ауылының ("Майауыл" төңірегі) солтүстіктегі соңғы нүктесінен бастап N46033,102/ E048044,911/ координаттарымен, ағыс бойымен төмен "Дамбы" ұйықтық учаскесінің ойығына дейінгі учаске N46028.818/ E048049,959/ координаттарымен;

6) Шароновка өзені бойымен, жол айрығынан бастап N46036,726/ E048038.746/ координаттарымен, нүктесіне дейінгі учаске N46036.441/ E048040.552/ координаттарымен;

7) Шароновка өзені бойымен, Ақкөл ауылдық округі Ақкөл ауылындағы теміржол бекетінің бас тоған имаратынан бастап N46035.800/ E048059,065/ координаттарымен, Орлы ауылдық округіндегі Шестой елді-мекеніне дейінгі учаске N46034.915/ E049017.758/ координаттарымен;

8) Шағырлы өзені бойымен, "Шағырлы" көпірінен бастап N46034.853/ E048059.903/ координаттарымен, Татар-Телячинский каналымен қосылғанға дейінгі учаске N46030.135/ E049011.497/ координаттарымен;

9) Кобяково (Сурхан) өзені бойымен, көпірден бастап N46037.466/ E049021.203/ координаттарымен, "Дружный" (Конево) көпіріне дейінгі учаске N46036.299/ E049026.517/ координаттарымен;

10) Сафон, Амангелді және Бірлік ауылдарының аумақтары шегіндегі балық шаруашылығы су айдындарының учаскелері.